**Созақ ауданының білім бөлімінің «Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат –лицейі» КММ**

**Бекітемін**
Мектеп директоры ____________ А.Өтебаев
«__31__» тамыз 2023 жыл

# Психологиялық қызметтің 2023-2024 оқу жылындағы жоспары

**Педагог-психолог:** Орынова Айнұр Білісбайқызы
Жұмаділдаева Пернеш Қасымқызы

# ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

***Мақсаты:***

- Білім алушылардың табысты оқуы, дамуы, әлеуметтенуі және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауын қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдауды жүйелі ұйымдастыру

***Міндеттері:***

- Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ак ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
- Оқыту процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу.;
- Білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу:
- Әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу.
- Жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыру мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу.

Психологиялық қызметтің жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

**Диагностикалық бағыт:**

Оқытудың бүкіл кезеңі ішінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке және топтық қызметін, психологиялық-педагогикалық зерделеуін, олардың жеке ерекшеліктері мен бейімділіктерін, оқыту және тәрбиелеу процесінде, өзін-өзі кәсіптік тұрғыдан айқындауда әлеуетті мүмкіндіктерін айқындауды, сондай-ақ оқытудағы, дамудағы, әлеуметтік бейімделудегі бұзушылықтардың себептері мен тетіктерін анықтауды көздейді.

**Консультациялық бағыт:**

Білім беру процесіне қатысушыларға көмек көрсету нысанында: олардың туындаған қиындықтардың табиғатын немесе себептерін түсінуінде, психологиялық проблемаларды талдау мен шешуде, жеке ерекшеліктерін айқындауда, жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде игеруге жәрдемдесуде; жаңа көзқарастарды қалыптастыруда және өз шешімдерін қабылдауда көмек көрсету; әртүрлі психологиялық мәселелерді шешуде; тұлғааралық қатынастардағы, өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытудағы қиындықтарға байланысты проблемаларды шешуде жеке және топтық қызметті көздейді.

**Дамытушы (түзету) бағыт:**

Білім алушылармен және тәрбиеленушілермен жаңа білімге, дағдылар мен икемдерге қатысты уәждемені қалыптастыру, оларды игеру мүмкіндіктері, оқу және танымдық қызметте өзін-өзі көрсету алу мүмкіндіктері бойынша жеке жұмысты көздейді. Диагностика процесінде анықталған оу қиындықтары мен баланың мінез-құлқындағы проблема; педагог-психологтың пән педагогтерімен, әлеуметтік және арнайы педагогтермен кешенді өзара іс-қимыл негізінде оқу материалын меңгерудегі қиындықтарды жеңу, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психикалық және физикалық жай-күйін түзету бойынша жұмысты ұйымдастыруды қамтиды;

**Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты:**

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтардың жеке кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына жәрдемдесуді; оқытудағы, тәрбиелеу мен дамытудағы қиындықтарды болдырмау мақсатында алдағы уақытта алатын білімдерін одан әрі пайдалану үшін педагогтердің, ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің психологиялық-педагогикалық білімге деген қажеттілігін қалыптастыруды және ұмтылысын қолдауды көздейді (сынып сағаттары, семинарлар, ата-аналар жиналыстары, педагогикалық кеңестер, ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер үшін интерактивті әдістер мен лекториялар өткізу).

**Ұйымдастыру - әдістемелік бағыт:**

Ұйымдастыру-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізуді көздейді: білім беру және дамыту ортасының жағдайына мониторинг жүргізу, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау нәтижелерін талдау және оны сүйемелдеу бойынша ұсынымдар әзірлеу, білім алушылар ментәрбиеленушілерді сүйемелдеуде пәнаралық тәсілді әзірлеу; психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеу бойынша отанндық және шетелдік ғылым мен практиканың жетістіктерін зерделеу, семинар-практикумдарға, конференцияларға қатысу; психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік сүйемелдеу технологияларын меңгеру бойынша семинар, тренингтер мен консультациялар ұйымдастыру және өткізуді көздейді.

| № | Іс-шаралар | Жұмыстың бағыттары | Нысаналы топ | Орындау мерзімі | Орындау нысаны | Жауапты лар | Орындалуы туралы белгі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **І. ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС** | | | | | | |
| 1 | **Бейімделу кезеңі**<br><br>**1. Балалардың мектепке дайындық үрдістерін анықтау**<br>1- сыныптарда:<br>«Керн-Йирасек» тест<br>1.«Ер адамның суретін салу»<br>2.«Әріптерді көшіріп салу»<br>3.Нүктелер көшірмесі<br>4. «Графикалық диктант» әдістемесі (Д.Эльконин) | Тест<br>Сауалнама | 1 сынып | Қыркүйек | Дәрісхана | А.Орынова | Анықтама |
| | 5-сынып оқушылардың мектепке бейімделуі және отбасындағы климаттың әсер ету деңгейін анықтау<br>**2. 5-сынып оқушыларының бейімделу үрдістерін анықтау**<br>• Мектептегі мазасыздықты анықтау /Кондаш әдістемесі/<br>Оқу мотивациясын анықтау (Н.Л.Лусканова) | | 5 сынып | Қазан<br>Қараша | | | |
| | **3. 8-сынып оқушыларының бейімделу үрдісін анықтау**<br>* Кондаш. «Қобалжу шкаласы»<br>* «Алты тұлғалық фактор» | Әдістеме | 8 - сынып | Қыркүйек | | П.Жұмаділдаева | |
| 2 | 1 сынып оқушыларының мінез-құлықтары мен қимыл іс-әрекеттерін анықтау | Сауалнама | 1 сынып жетекшілері | Қазан | Аудитория | А.Орынова | Анықтама |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | ***Оқушының таным үрдістерін зерттеу***<br>«10 сөзді жаттау»<br>«10 фигура»<br>«Қисынсыздықтар» | Тестілеу | 1-2 сыныптар | Қараша, наурыз /қажетіне қарай/ Жыл бойы | Дәрісхана | А.Орынова | Анықтама |
| 4 | Мектеп жасынадағы балалардың оқуға даярлығын анықтау (МАД топтары ) | Л.С.Выготский «Жалпылап айт?» Е.Е.Кравцова «Кім үлкен» «Мен не білемін?» | МАД топтары | Сәуір | Дәрісхана | А.Орынова | Хаттама |
| 5 | Бастауыш буын оқушыларының мазасыздану, эмоционалдық деңгейін анықтау | Панфилова. «Кактус» А.Пейн.«Аяқталмаған сөйлем» Проективтік әдістеме | 3-4 сыныптар | Қараша Сәуір | Дәрісхана | А.Орынова | Қорытынды анықтама |
| 6 | Оқушылардың тұлғалық мотивациялық аймағын диагностикалау | «Табиғатта кездеспейтін жануар», «Менің отбасым» проективті әдістемелері | 1-11 сыныптар | Жыл бойы /қажетті жағдайда/ | Дәрісхана | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Анықтама |
| 7 | Аутодеструктивтің алдын алу мақсатында «Бес терек» жобасы бойынша диагностика жұмыстарын жүргізу. «Тәуекел топтарын» анықтау мақсатында **«Кабинеттік талдау»** жұмыстарын жүргізу | Мәлімет | 5-11 сыныптар | Қыркүйек | Дәрісхана | - Әлеуметтік педагог<br>- Мектеп инспекторы<br>- Медбике<br>- Сынып жетекшілер | Анықтама |
| 8 | «Бес терек» жобасы: аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу | Эссе («Менің отбасым», «Менің ең жақын досым», «Менің арманым») Сауалнама | 5 -11 сыныптар | Қыркүйек | Дәрісхана | П.Жұмаділдаева А.Орынова | Қорытынды анықтама |
| 9 | **Мамандыққа бейімділікті анықтау.**<br>*Д.Голланд. «Мамандыққа икемділікті анықтау»<br>*Климов. «Менің қалауым» дифференциялық-диагностикалық | Тест<br><br>Сауалнама | 11 – сынып | Қыркүйек | Дәрісхана | П.Жұмаділдаева | Анықтама |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | сауалнама | | | | | | |
| 10 | «Бес терек» жобасы: аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу | «Үй, ағаш, адам», «Менің отбасым» Проективті әдістемесі | 5-11 сыныптар | Қазан | Дәрісхана | П.Жұмаділдаева А.Орынова | Қорытынды анықтама |
| 11 | Бітіруші сыныптардың ҰБТ алдында қобалжу деңгейін анықтау | 1. «Стресс саған қалай әсер етеді?» тесті | 11 с | Қазан | Дәрісхана | П.Жұмаділдаева | Қорытынды анықтама |
| 12 | «Бес терек» жобасы: аутодестуктивті мінез-құлықтың алдын алу жұмыстары | «Аяқталмаған сөйлем», «Мен кіммін» әдістемелері | 5-11 сыныптар | Қараша | Дәрісхана | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Қорытынды анықтама |
| 13 | Ерекше назардағы оқушылардың мектептегі психологиялық-эмоционалды көңіл-күйін анықтау /сұраныс бойынша: ата-ана, сынып жетекші, тәрбиеші, оқушы/ | Тест Сауалнамалар | 1-11 сыныптар | Жыл бойы /қажетіне қарай / | Дәрісхана | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Анықтама |
| 14 | 1 сынып оқушыларының қол буындарының жылдамдығын, қимылдарының үйлесімдігін зерттеу | «Моншақ», «Қол буыны қимылдарының жылдамдығы және оның үйлесімі» | 1 сыныптар | Желтоқсан | Дәрісхана | А.Орынова | Анықтама |
| 15 | Сұраныс бойынша жеке тұлғалық қасиеттерді анықтау | Сауалнамалар Тест Проективті әдістемелер | Педагогтер Оқушылар | Жыл бойы /қажетті жағдайда/ | Психолог кабинеті Дәрісхана | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Анықтама |
| 16 | Оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктерін, мінез-құлықтарын, таным үрдістерін анықтау | Сұраныс бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу. /қажетіне қарай әдістемелер/ | 1-11 сыныптар | Жыл бойы | Дәрісхана | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Зерттеу хаттама |
| 17 | Ерте жүктіліктің алдын алу жұмыстары | Сауалнама | 8-11 сыныптар | Қазан | Дәрісхана | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Анықтама |
| 18 | Құқық бұзушылық, буллинг, кибербуллингтің алдын алу | Сауалнама | 8-11 сыныптар | Қараша Желтоқсан | Дәрісхана | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Анықтама |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **II. ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ БАҒЫТЫ** | | | | | | | |
| 1 | «Тұлғалық өсу және өзіндік сананы айқындау». /жоғары буынға бейімдеу/ | Түзету-дамыту сабақтары | 8-сынып | Қыркүйек | Дәрісхана | П.Жұмаділдаева | Хаттама |
| 2 | Бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделуін арттыруға бағытталған психопрофилактикалық дамыту бағдарламасы<br>I. «Көңіл-күйлер әлеміне саяхат»<br>II. «Көңіл-күй әлемі»/эмоция/<br>III. «Жақсы қасиеттер әлемі» | Түзету-дамыту сабақтары | 1 сынып | Қазан<br>Қараша<br>Желтоқсан | Дәрісхана | А.Орынова | Т-Д журналы |
| 3 | Орта буын оқушыларымен қарым-қатынасты түзету-дамыту жұмыстары /орта буынға бейімдеу/ | Түзету-дамыту сабақтары | 5 сынып | Қараша | Дәрісхана | А.Орынова | Т-Д журналы |
| 4 | Бала бойындағы шығармашылық қабілетін дамыту, белсенділігін, танымдық қызығушылықтарын арттыру. | Түзету-дамыту жаттығулары | 2-3 сыныптар | Жыл бойы | Дәрісхана | А.Орынова | Т-Д журналы |
| 5 | Бастауыш сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне түзету-дамыту жұмыстары | Коррекциялық сабақтар | 3-4 сынып | Қаңтар | Дәрісхана | А.Орынова | Т-Д журналы |
| 6 | ***Оқушыларды психологиялық сүйемелдеу.***<br>***Жеке нейропсихологиялық бағдарлама*** | Нейропсихоло-гиялық жаттығулары | 1-2 сынып<br>3-4 сынып | Жыл бойы | Дәрісхана | А.Орынова | Т-Д журналы |
| 7 | Сұраныстар бойынша мінез-құлқында проблемасы бар оқушылармен жұмыстар | Әңгіме, сұхбат<br>Терапиялық жаттығулар | 1-2<br>3-4<br>5-6 сынып | Жыл бойы | Дәрісхана | А.Орынова | Т-Д журналы |
| 8 | МАД тобымен танымдық үрдістерін дамыту | Коррекциялық сабақтар | МАД | Сәуір | Дәрісхана | А.Орынова | Т-Д журналы |
| 9 | «Тәуекел тобындағы» оқушыларымен түзету-дамыту жұмыстары | Түзету-дамыту сабақтары | Тәуекел топтары | Айына 1 рет | Дәрісхана | А.Орынова<br>П.Жұмаділдаева | Т-Д журналы |
| 10 | ҰБТ-ге және емтиханға білім алушыларды психологиялық | Тренинг | 11 с | Тоқсанына 2 рет | Дәрісхана | П.Жұмаділдаева | Т-Д журналы |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | тұрғыда дайындау жұмыстары | | | | | | |

## III. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АҒАРТУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ БАҒЫТЫ

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бастауыш сынып ата-аналары мен педагогтеріне білім алушылардың оқуға бейімділігі мәселесінің теориялық негіздері туралы білімдерін жетілдіру. | Тренинг жаттығулар Презентация | Педагогтер Ата-аналар | Қыркүйек | Мәжіліс залы | А.Орынова 1 сынып жетекшілері | Хаттама |
| 2 | Ата-аналармен ағарту жұмыстарын жүргізу | Дәріс | Ата-аналар | Тоқсанына 2 рет | Мәжіліс залы | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Хаттама |
| 3 | «Бейімделу кезеңінің қиындықтары» әңгімелесу (ата-аналарға жиналыс бейнеролик, таныстырылым және т. б.) 1,5,8 сыныптардың ата-аналар жиналысында балалардың бейімделу кезеңіндегі ерекшеліктері «Мектептегі бейімсіздік себептері» туралы мәлімет | Ата-аналар жиналысы Сауалнама Жадынамалар Дәрістер оқу | Ата-аналар | Қазан Қараша | Мәжіліс залы | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Бейнеролик Әзірлеме |
| 4 | Кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылық, зорлық-зомбылық және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу | Дәріс хабарлама | Сынып жетекшілері, тәрбиешілер | Қараша | Дәрісхана | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Бейнеролик әзірлеме |
| 5 | Сәтсіз отбасыларымен алдын алу жұмыстары «Қиын өмірлік жағдайдағы балалар және олармен жұмыс жүргізу әдістері» | Дәріс | | Қаңтар -ақпан | Дәрісхана | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Әзірлеме |
| 6 | «Балалардың интернетке тәуелділігі жаңа дерт» | Тренинг | 5-11 сынып ата-аналары | Қазан | Мәжіліс залы | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Хаттама |
| 7 | Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу | Тренинг Жадынама | Ата-аналар | Желтоқсан | | | Әзірлеме Баяндама |
| 8 | Буллинг және кибербуллингтің | Тренинг | 4-5сынып | Қазан | Мәжіліс | А.Орынова | Хаттама |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | алдын алу /сынып сағаттары/ «Зорлық зомбылыққа қарсымыз» «Буллинг және оған қарсы тұру» | | 6-7-8 сынып 9-10-11сынып | Қараша Желтоқсан | залы Дәрісхана | П.Жұмаділдаева | |
| 9 | «Бала қорынышы жайлы бірер сөз» | Дәріс Тренинг жадынама | Ата-аналар | Қараша | Дәрісхана | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Әзірлемелер Жадынама-лар |
| 10 | Кәсіптік бағдар беру /сынып сағаттары/ «Мамандық менің болашағымның таңдауы» | Тренинг | 11 сыныптар | Қазан | Мәжіліс залы | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Хаттама |
| 11 | Оқушылардың психикалық, эмоционалдық жағдайын бақылау «Ашу-ызаңызды басқара білесіз бе?», "Эмоциялар. Менің сезімдерім мен эмоциям» | Алдын алу сабақтары | 5-8 сынып 9-10-11 сынып | Қараша Ақпан | Дәрісхана | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Әзірлемелер |
| 12 | Педагогтердің кәсіби жандануы мен құзыреттіліктерін арттыру | Баяндамалар Тренинг Дәрістер | Педагогтар | Ақпан Наурыз | Дәрісхана | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Әзірлемелер |
| 13 | Оқушылармен ағарту жұмыстарын жүргізу (сынып сағаттарында) | Дәріс | 5-11 с | Тоқсанына 1 рет | Дәрісхана | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Әзірлемелер |
| 14 | Психология апталығы | Презентация Тренинг Акция | 5-11 с | Кезінде | | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Жоспар Папка |

## IV. КЕҢЕС БЕРУ БАҒЫТЫ

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Диагностика нәтижелері бойынша 1,5,8 - сынып жетекшілері мен ата-аналарына кеңестер «Бейімделу кезеңінің қиыншылықтары» | Кеңес Ұсынысар | 1,5,8 сынып жетекшілері, тәрбиешілері, ата-аналары | 1 тоқсан Қажетті жағдайда | Психолог кабинеті | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Кеңес журналы |
| 2 | 1-сынып мұғалімдеріне, 5,8-сынып жетекшілеріне оқу үрдісін | Кеңес Ұсыныстар | Сынып жетекшілер | Қыркүйек | Психолог кабинеті | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Кеңес журналы |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ұйымдастыру, бейімдеу бойынша ұсыныстарды, жадынамаларды тарату | | | | | | |
| 3 | Кәсіби бағдарлау мәселесі бойынша психологиялық кеңес | Жеке және топтық кеңес | 9,11 сынып оқушылары Ата-ана | Қажетіне қарай | Психолог кабинеті Дәрісхана | П.Жұмаділдаева | Кеңес журналы |
| 4 | ҰБТ алдындағы дайындық жөнінде ұсыныстар | Жеке және топтық кеңес | 11 сынып оқушылары Ата-ана Педагогтер | Қажетіне қарай | Психолог кабинеті Дәрісхана | П.Жұмаділдаева | Кеңес журналы |
| 5 | Оқушыларды тыйым салынған сайттарды бақылау. Олардың эмоционалды-психикалық жағдайын бақылау және кеңес беру | Бақылау, кеңес | Тәуекел тобы, 5-11 | Жыл бойы | | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Кеңес журналы |
| 6 | «Қиын жасөспірімді қалай түсінуге болады?» | Кеңес, ұсыныстар | Мұғалімдер | Қаңтар Сәуір | Дәрісхана | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Кеңес журналы |
| 7 | Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуды іске асырудағы қиындықтардың себептерін түсіндіру | Әдістемелік ұсыныстар | Сынып жетекшілер | Наурыз | | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Кеңес журналы |
| 8 | Ата-аналарға ескерту «Балалардың эмоционалды мәселелері» | Кеңес, Жадынамалар | Ата-аналар | Қараша Қаңтар Наурыз | | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Кеңес журналы |
| 9 | «Балалық шақтағы салауатты өмір салты өмір бойғы денсаулық кепілі!». | Кеңес | Ата-аналар | Мамыр | | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Кеңес журналы |
| 10 | Сұраныс бойынша кеңестер | Кеңес | Ата-аналар Мұғалімдер Оқушылар | Жыл бойы | Психолог кабинеті | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Кеңес журналы |

## V. ӘДІСТЕМЕЛІК-ҰЙЫМДАСТЫРУ БАҒЫТЫ

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Психологиялық қызметтің жұмысын жоспарлау және талдау /жылдық, апталық жұмыс жоспарын, жылдық жұмыс талдауын/ | Жоспар | | Тамыз | | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Жоспар |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Диагностикалық әдістемелердің картотекасын кеңейту, құралдарды жинақтау. Әдістемелік әдебиеттерді талдау; әдістемелерге материалдарын жинау. | Материал жинақтау | | Жыл бойы | | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Картотека |
| 3 | Түзету-дамыту әдістемелері мен бағдарламаларының картотекасын жинақтау және жүйелеу. Әдебиеттерді талдау; бағдарламалар мен сабақтарға ынталандыру материалдарын жасау. | Материал жинақтау | | Жыл бойы | | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Бағдарлама |
| 4 | Ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету. Әдебиеттерді іріктеу, сабақтарды, сынып сағаттарын, ата-аналар жиналыстарын ұйымдастыруға, әзірлеуге және өткізуге, кәсіби қызметін өзін-өзі жетілдіруге көмек көрсету. | Ұсыныстар дайындау | Сұрау бойынша Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі | Жыл бойы | | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Ұсыныстар |
| 5 | Білім алушылармен жұмыс істеу үшін жаңа түзету-дамыту бағдарламаларын дайындау. | Материал жинақтау | | Жыл бойы | | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Т-Д журналы |
| 6 | Ағымдағы құжаттаманы жүргізу (жұмыс журналын толтыру, жұмыс кестесін жасау, анықтамаларды ресімдеу | Құжаттаманы жүргізу | | Жыл бойы | | А.Орынова П.Жұмаділдаева | Журналдар, анықтамалар |
| 7 | Кәсіби біліктілік деңгейін арттыру (біліктілікті арттыру курстарында оқыту; конференцияларға, оқыту семинарларына қатысу; | Аталған іс-шараларға қатысу | | Жыл бойы | | А.Орынова П.Жұмаділдаева | |

## VI. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ БІР ЖЫЛДАҒЫ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕР

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделуінің психологиялық-педагогикалық | Есеп | Пед.кеңес, Мұғалімдер | Қазан | | Есеп |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | мәселелері | | | | | |
| 2 | Психологиялық қызметтің бірінші жарты жылдық есебі | Есеп | Әкімшілік | Желтоқсан | | Есеп |
| 3 | Оқушылардың аутодеструктивті мінез-құлқының, құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жүргізілген жұмыстар туралы есеп. | Есеп | Әкімшілік | Желтоқсан | | Есеп |
| 4 | Психологиялық қызметтің жылдық аналитикалық талдау есебі | Есеп | Әкімшілік | Мамыр | | Есеп |

**Дайындаған, педагог-психолог:** А.Орынова
П.Жұмаділдаева